



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 3 тамыз

Астана қаласы

№

383

город Астана

**«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер пен толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № КГИП-03-КГ/7350 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 314 бұйрығымен бекітілген «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгерістер пен толықтырулар бекітілсін.

2. Қоғам:

- 1) тіркеу органдарында Қоғамның Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу бойынша шараларды қабылдасын;
- 2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек



Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2023 жылғы «3» тамыз
№ 383 бұйрығымен бекітілді

**«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына енгізілетін өзгерістер пен толықтырулар**

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

3-тармағы мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«3. Қоғамның атауы:

толық:

1) мемлекеттік тілде: «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Некоммерческое акционерное общество «Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова»;

3) ағылшын тілінде: Non-commercial joint-stock company «S. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering».

3. Қоғамның атауы:

Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Есенов университеті» КеАҚ»;

2) орыс тілінде – НАО «Университет Есенова»;

3) ағылшын тілінде – NCJSC «Yessenov University».»;

24-тармақ мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) жоғары және орта кәсіптік білімі бар қызметкерлерді, жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді, негізгі білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша басшы қызметкерлер мен мамандарды, оның ішінде «Теңізшілерді дипломдау мен даярлау және вахта атқару - 78/95 ұлттық, халықаралық талаптарға және жоғары оқу орындарының студенттерін запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау ережелеріне» сәйкес кемелер экипаждарының мүшелерін даярлау бағдарламалары бойынша даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру».»;

65-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«1) Республикалық комиссияның ұсынысы негізінде Қоғамның Президент – Ректорын сайлау (тағайындау);».

65-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) Қоғамның Президент – Ректорының өкілеттік мерзімін анықтау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

1-2) Қоғамның академиялық қызмет жөніндегі Вице-Президентті тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның тәртіптік жауаптылығы туралы мәселені қарау;»;

71-тармақтың 8) және 9) тармақшалары мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«8) Қоғам Вице – Президенттерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін анықтау және Вице – Президенттерін сайлау (Қоғамның академиялық қызмет жөніндегі Вице-Президентін қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту;

9) Қоғам Президенті – Ректордың, Вице – Президенттерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын анықтау;».



БҰЙРЫҚ

3 августа 2023 г.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 383

город Астана

О внесении изменений и дополнений в Устав
некоммерческого акционерного общества «Каспийский университет
технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова»

В соответствии с пунктом 5 статьи 35, подпунктом 1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктом 1) пункта 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и письма Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 28 июля 2023 года № КГИП-03-КГ/7350 **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые изменения и дополнения в Устав некоммерческого акционерного общества «Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова» (далее – Общество), утвержденного приказом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 25 мая 2020 года № 314.

2. Обществу:

1) принять меры по регистрации изменений и дополнений в Устав Общества в органах регистрации;

2) принять иные меры, вытекающие из настоящего приказа.

3. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Министр



С. Нурбек

Утверждено
приказом Министра науки и
высшего образования

Республики Казахстан

от «23» августа 2023 года

№ 383



**Изменения и дополнения
в Устав некоммерческого акционерного общества «Каспийский
университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова»**

Внести в Устав некоммерческого акционерного общества «Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова» следующие изменения и дополнения:

пункт 3 изложить в редакции следующего содержания:

«3. Наименование Общества:

полное:

1) на государственном языке: «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) на русском языке: Некоммерческое акционерное общество «Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова»;

3) на английском языке: Non-commercial joint-stock company «S. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering».

Сокращенное наименование Общества:

1) на государственном языке – «Есенов университеті» КеАҚ»;

2) на русском языке – НАО «Университет Есенова»;

3) на английском языке – NCJSC «Yessenov University».»;

пункт 24 дополнить подпунктом 17) следующего содержания:

«17) подготовка, переподготовка и повышение квалификации работников с высшим и средним профессиональным образованием, научно-педагогических работников высшей квалификации, руководящих работников и специалистов по профилю основных образовательных программ, в том числе по программам подготовки членов экипажей судов в соответствии с «Правилами дипломирования и подготовки моряков и несения вахты - 78/95 национальными, международными требованиями и военной подготовки студентов высших учебных заведений по программе офицеров запаса».»;

подпункт 1) пункта 65 изложить в редакции следующего содержания:

«1) избрание (назначение) Президента – Ректора Общества на основании рекомендации Республиканской комиссии»;

пункт 65 дополнить подпунктами 1-1) и 1-2) следующего содержания:

«1-1) определение срока полномочий и досрочное прекращение полномочий Президента – Ректора Общества;

1-2) назначение, определение срока полномочий Вице-Президента Общества по академической деятельности, досрочное прекращение полномочий, а также рассмотрение вопроса о его дисциплинарной ответственности;»;

подпункты 8) и 9) пункта 71 изложить в редакции следующего содержания:

«8) определение количественного состава Вице-Президентов Общества, срока их полномочий и избрание Вице-Президентов Общества (за исключением Вице-Президента Общества по академической деятельности), а также досрочное прекращение их полномочий и привлечение к дисциплинарной ответственности;

9) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования Президента – Ректора, Вице – Президентов Общества;».